

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 197ю Қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 7-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде :

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда :

2) тармақшада :

"4" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

"радиотрансляциялық желілерді қорғау құрылғысы - 1 бірлік" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:
" ш р е д е р - 1 б і р л і к
шағын АТС - цифрлық - 1 бірлік";

2) көрсетілген қаулының 8-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде "Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанда :

2) тармақшада "бағдарламалық қамтамасыз ету - 50 бірлік" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
"шағын АТС - ұқсас - 1 жиынтық".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі